

#ҚАЕУ – 30 ЖЫЛ

Білім ордасының табысқа жету жолы

✍ Айжанат БАҚЫТҚЫЗЫ

Биыл Қазақстан-Американ еркін университеті өзінің 30 жылдығын және оның негізін қалаушы және президенті, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, Қазақстан Республикасының құрметті ректоры Ережеп Мәмбетқазиевтің ректорлық қызметіне 40 жыл толуын атап өтеді. Бұл атаулы даталар білікті басшының көп жылғы адал еңбегінің және Қазақстандағы жоғары білім мен ғылымның дамуына қосқан елеулі үлесінің жарқын көрінісі.

Тарихы мен жетістіктері

Университет тарихы 1994 жылы Өскемен қаласында Халықаралық экономикалық-гуманитарлық жоғары колледжінің ашылуымен басталады.

Колледжден халықаралық серіктестіктегі тұңғыш отандық университет – Қазақстан-Американдық еркін университетіне дейінгі тарихи жолдан өткен бұл оқу орнының салтанатты ашылуына тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев қатысты.

Университет американдық және қазақстандық бағдарламаларды қамтитын бірегей оқыту үлгісін енгізді. Бірегей жоғары оқу орны ACBSP (АҚШ) және ACQUIN (Германия) аккредитациясынан өтті және IQAA (Қазақстан) аккредитациясына ие болды, бұл оның білім берудің жоғары стандарттарына сай екендігін растайды.

Еліміздегі халықаралық серіктестіктегі алғашқы жекеменшік университет – Қазақстан-Американ Еркін университеті жұмыс істеген жылдар ішінде айтарлықтай табысқа қол жеткізді. Құрылғаннан бері университет АҚШ, Канада және Еуропа елдерінен шетелдік мамандарды тарта отырып, ағылшын тілінде білім беруде. 30 жыл ішінде мемлекеттік қаржыландырусыз, тек өз қаражатына үш оқу корпусы, қонақүй, студенттер үйі мен спорт залы салынды.

800-ден астам ҚАЕУ студенті университет пен серіктестердің бірлескен қоры қаржыландыратын бірегей халықаралық бағдарламаларға қатысты. 500-ден астам шетелдік маман АҚШ-та бірегей оқу бағдарламалары мен тағылымдамадан өтуді ұсына отырып, оқу үдерісіне белсене қатысты.

Білікті басшының өнегелі істері

Ережеп Мәмбетқазиев – көрнекті ғалым, ұстаз және ұйымдастырушы. Оның кез-келген мәселеге деген стратегиялық көзқарасы, оларды кәсіби тұрғыда шеше білуі, орасан зор ерік-жігері, табиғи таланты, өмірлік ұстанымы және басқа да көптеген қасиеттері бір арнаға тоғысып, қазіргі заманғы көшбасшының тұлғасын қалыптастырды.

тырды.

Ережеп Мәмбетқазиев – егемен Қазақстанның тұңғыш Білім министрі. Ректорлық және Қазақстан Республикасының алғашқы екі Үкіметінің құрамында жұмыс істеу кезінде ол білім беру жүйесіне бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтпаған бірқатар маңызды реформалар мен жаңалықтар енгізді.

«Болашақ» бағдарламасы еліміздің әлемдік бәсекеге қабілетті мамандар



даярлаудағы амбициясының символына айналды. Бағдарламаның түлектері бүгінде бүкіл әлем бойынша маңызды орындарды иеленеді.

Үстілділік: түлектерге халықаралық аренада бәсекеге қабілетті болуға мүмкіндік беретін қазақ, орыс және ағылшын тілдерін тереңдетіп оқыту.

Тестілеу: талапкерлердің білімін бағалау үшін ұлттық тестілеуді енгізу.

Аймақтық университеттер: олардың Шығыс Қазақстанда (ҚазМУ мен ҚарМУ-дан кейінгі үшінші), Ақмола, Атырау, Талдықорған және Павлодар облыстарында құрылуы өңірлер үшін елеулі қолдау болды. Кейіннен барлық облыстарда осындай университеттер құрылды.

Жеке меншік университеттер: жеке жоғары оқу орындарын ашу саясатын әзірлеу және жүзеге асыру университеттер арасындағы бәсекелестіктің дамуына ықпал етті.

«Бакалавр-магистр-PhD докторы» жүйесі: халықаралық стандарттарға сай келетін көп деңгейлі жоғары білім беру



жүйесін енгізу.

Жоғары мектеп академиясын құру.

Барлық университеттерді бір министрлікке біріктіру.

Еуразия университетінің ашылуы.

Өз ісінің кәсіби маманы Ережеп Әлқайырұлының жалпы адамзаттық құндылықтар туралы ойлары мен өскелең ұрпаққа әсер ететін пайымдаулары белсенді өмірлік ұстанымның қалыптасуына ықпал етеді. Ол өз өмірі мен шығармашылығының ең маңызды фактілерін бейтарап және объективті, кейде өткір сыни көзқараспен, білгірлікпен талдайды. Ұзақ жылдар бойы ол өзінің ішкі тұтастығын, өзін еркін ұстау, өмірлік ұстанымдарына адал болу қабілетін сақтауда. Оның өмірге құштарлығы мен құш-қуатының арқасында алдағы жоспарлары да көп. Абыройлы және тәуелсіз өмір сүру қабілеті көпшілікке үлгі-өнеге.

Мерейтойлық іс-шаралар бағдарламасы

Мерейтойлық апталық осы жылдың 23 қыркүйегінде ашылу салтанатымен басталып, апта бойы жалғасады, оның ішінде мәдени фестивальдар, білім беру семинарлары, спорттық турнирлер, халықаралық конгресстер және әлеуметтік жауапты бастамалар бар. Бұл іс-шаралардың мақсаты атаулы датаны атап өту ғана емес, сонымен қатар Қазақстандағы жоғары білім мен мәдениетті дамытудағы Қазақстан-Америка еркін университетінің маңыздылығын пайымдау.

26 қыркүйекте Қазақстан-Американ еркін университетінде Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің қатысуымен Қазақстан университеттері қауымдастығының жалпы жиналысы өтеді, онда жетекші жоғары оқу орындарының ректорлары өңірлік жоғары оқу орындарында ғылымды дамыту мәселелерін талқылайды.

Мереке 27 қыркүйекте сағат 10:00-де «Ертіс концерт» мәдени орталығында өтетін «Қазақстан-Америка Еркін университеті: жасампаздықтың 30 жылы» салтанатты шарасымен аяқталады. Бұл іс-шара университет студенттеріне, оқытушыларына, қызметкерлері мен серіктестеріне алғыс айтуға арналады.

ҚАЕУ мерейтойын мерекелеуге АҚШ пен Еуропадан 60-тан астам шетелдік серіктестер, облыс және қала басшылары, қоғам қайраткерлері, белгілі ғалымдар мен оқытушылар қатысады деп күтілуде.

Бүгінде ҚАЕУ 30 жылдық мерейтойының қарсаңында белсенді дамуын жалғастыруда. Университет мамандарды даярлаудың жаңа бағыттарын ашып, халықаралық ынтымақтастықты кеңейтуді жоспарлап отыр. Ал жаңа идеялар мен жоспарға толы университет президенті Ережеп Мәмбетқазиев осы өзгерістердің үйлестірушісі болып отыр. Білікті басшының жоғары жетістіктерге деген ұмтылысы, болашақты болжай білуі және өз жұмысына деген адалдығы студенттер мен мұғалімдердің жаңа толқынын жарқын істерге шабыттандырады.

#ТЕХНОЛОГИЯ

Жасанды интеллектімен пайда табуға болады

✍ Айжанат БАҚЫТҚЫЗЫ

Өскемендегі Қазақстан-Американ еркін университетінде «TechnoWomen Oskemen: жасанды интеллект арқылы қалай ақша табуға болады?» аймақтық тренингі тұңғыш рет өтті.

Қазіргі технология дәуірінде қыз-келіншектерді технологиялық индустрияға тартуға, әйел кәсіпкерлерді цифрлық трансформация және электрондық коммерция, сондай-ақ IT-стартап мәселелері бойынша ақпараттандырудың маңызы зор.

«TechnoWomen» коммерциялық емес ұйымы, кәсіпкерлік пен бизнес ортаны дамыту жөніндегі USAID жобасы, ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссия, ҚР Ғылым және жоғары білім, өнеркәсіп

және құрылыс министрлігі бірлесе ұйымдастырған тренингте жасанды интеллектінің заманауи трендтері мен мүмкіндіктері жайлы айтылды.

– Іс-шараның негізгі мақсаты – әйелдер қауымын IT саласында дамыту, ынталандыру. Қаржылық жағдайын жақсарту үшін саланың пайдалы жақтарын үйрету», – дейді «TechnoWomen» ұйымының атқарушы директоры Балжан Балтабаева.

Тренинг барысында тәжірибесімен бөліскендердің бірі – IT-AIEL бағдарламасының финалисті, CyberBala жо-

басының авторы, «RoboTechnoGirls» әлеуметтік жобасының PR менеджері Әлия Оразымбетова. Оның айтуынша, ол декретте отырып-ақ мобилография, маркетинг, видеомейкинг курстарын оқыған. Фрилансер атанып, мемлекеттік мекемелер мен Ұлттық компанияларға анимациялық тематикалық роликтер жасайды. Жобаларының бірі CyberBala – цифрлық гигиена және балалар мен жасөспірімдер арасында кибербуллингтің алдын алу шаралары туралы ақпарат беретін бот-көмекші.

«Astana Hub» пен «TechnoWomen» бірлесе ұйымдастырған IT-Aiel бағдарламасы аясында еліміздегі бірқатар жұмыссыз әйелдер екі ай ішінде ITмамандықтарына тегін оқытылып, Startup жасауға мүмкіндік алды. Аатл-

ған жобаға 2 мың әйел қатысып, үздік 50 жоба іріктелген. Жуықта оқудың екінші кезеңі басталды.

«Astana Hub» IT-стартаптар халықаралық технопаркінің ШҚО бойынша өңірлік менеджері Дидар Мұратұлының сөзінше, «Oskemen Hub» орталығында IT сауаттылыққа үйретіп, жас таланттар мен кәсіпкерлерге қолдау көрсетіледі.

Тренинг барысында астаналық және жергілікті спикерлер стартапты қалай құру және идеяны қалайша іске асыруға болатындығы жайлы тәжірибелерімен бөлісті. Сонымен қатар «Серіктестік келісім: өзіңізді және бизнесіңізді қалай қорғауға болады», «Стартаптарды таңдау кезінде инвесторлар неге қарайды» тақырыбында мастер-класстар ұйымдастырылды.